

## Тимирязев ауданында 2011 жылы азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 24 наурыздағы N 63 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 01 сәуірде N 13-12-123 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы N 72 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2012.03.19 N 72 Қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012.04.01 пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады)**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына 1-тармағының 8) тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 Заңының 19-бабына 3-тармағына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығымен сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының ер жынысты азаматтарын, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімінен өтпеген азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымда және қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер және басқа да әскери құрылымдарына «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім» мемлекеттік мекемесі арқылы (келісім бойынша) шақыру ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Шақыру өткізу кезеңіне қосымшаға сәйкес құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын.

3. Шақыру комиссиясы Тимирязев селосында «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің ғимаратында шақыру пунктінің бөлмесінде өткізілсін.

4. «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Тимирязев орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорынның бас дәрігері Н.В. Габовке ұсынылсын (келісім бойынша):

1) шақыру комиссиясына «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сұратуы бойынша шақырылған азаматтарға қажетті медициналық құжаттар ұсынылсын;

2) шақыру комиссиясы құрамына кіретін медициналық комиссиясына дәрігерлер-мамандар енгізілсін: терапевті, фтизиатрды, психиатрды, отоларингологты, невропатологты, тіс дәрігерін, дерматовенерологты, хирургты, рентгенологты, көз дәрігерін және шақырушыларды медициналық куәландыру жөніндегі жұмысы бойынша тәжірибесі бар төрт медбике.

5. «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне әскери қызметке азаматтарды шақыру өткізуіне арналған қаражатты дер кезінде бөліп «Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі шаралар» 122-005-000 бюджет бағдарламасы бойынша қамтамасыз ету.

6. «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне шақыруды өткізу уақытына қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеуімен екі адам санында техникалық қызметкерлермен жеке еңбек шарттар жасалсын, сондай-ақ медициналық және шақыру комиссияларынан өтуге шақырылушыларды жеткізу үшін және оларды әскери қызметтен өту үшін автомобиль көлігімен қамтамасыз ету.

7. Селолық округ әкімдеріне шақыру комиссиясына селолық округтерінде тұратын шақырылушыларды тұратын мекенжайынан Тимирязев селолсындағы шақыру пунктіне дейін және кері тұратын мекенжайына дейін бірге жүруші тұлғалармен қамтамасыз ету.

8. Шақыру пунктіне жұмыс істеу үшін іссапарға жіберілген Шақыру комиссия мүшелерінің, медициналық, техникалық жұмысшыларының, міндеттерін атқару уақытында лауазымдары және еңбекақылары сақталады.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары Ж.Ә. Жантоковқа жүктелсін.

10. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тимирязев ауданының әкімі Қ. Қасенов

«КЕЛІСІЛДІ»:

«Солтүстік Қазақстан облысы  
Тимирязев ауданының қорғаныс істері

жөніндегі бөлімі» мемлекеттік  
мекемесінің бастығы А.Н. Константинов  
«Қазақстан Республикасы  
денсаулық сақтау Министрлігінің  
Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің  
Тимирязев орталық аудандық ауруханасы»  
коммуналдық мемлекеттік қазынашылық  
кәсіпорынның бас дәрігері Н.В. Габов  
«Солтүстік Қазақстан облысы  
Тимирязев ауданының ішкі істер бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің бастығы С.К. Шаинов

А у д а н ә к і м д і г і н і н  
2011 жылғы 24 наурыздағы № 63  
қаулысына қосымша

### **Аудандық шақыру комиссиясының құрамы**

Александр Николаевич Константинов – «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша);

Қаншаим Ишханқызы Наурызбаева – «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы;

Сара Шабданқызы Қалкенова - «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Тимирязев орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорынның медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша).

к о м и с с и я м ү ш е л е р і :

Анарбек Хафизұлы Байгудинов - «Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Айман Қажытайқызы Мұстафина - Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Тимирязев орталық аудандық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорынның дәрігері, дәрігерлік қызметшілердің жұмысын басқаратын басшы, медицина комиссиясының төрайымы (келісім бойынша).

